

Федоров ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Федоров ауданы мәслихатының 2018 жылғы 14 ақпандағы № 202 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 7 наурызда № 7585 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Федоров ауданы мәслихатының 2020 жылғы 20 қаңтардағы № 402 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Федоров ауданы мәслихатының 20.01.2020 № 402 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 19-1-бабы 1) тармақшасына сәйкес, Федоров аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Федоров ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Мәслихаттың 2016 жылғы 23 тамыздағы № 56 "Федоров ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы" шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6624 болып тіркелген, 2016 жылғы 3 қазанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрайымы

Аудандық мәслихаттың хатшысы

"КЕЛІСІЛДІ"

"Федоров ауданының
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық, жолаушылар көлігі
және автомобиль жолдары бөлімі"
мемлекеттік мекемесі басшысының
міндетін атқарушы

_____ А. Досанов

"14" ақпан 2018 жыл

Т. Решетникова

Б. Исенғазин

Федоров ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Коммуналдық қалдықтар жинақталуының жылдық нормасы, м ³
1	Жайлы үйлер	1 тұрғын	0,73
	Жайлы емес үйлер	1 тұрғын	0,81
2	Жатақханалар, интернаттар, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	0,72
3	Қонақ үйлер	1 орын	1,40
4	Бөбекжайлар	1 орын	0,39
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	1,56
6	Емханалар	1 адам	0,0013
7	Ауруханалар	1 төсек-орын	0,98
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,18
9	Дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 орын	0,36
10	Концерт залдары	1 орын	0,09
11	Стадиондар, спорт алаңдары	ж о б а бойынша 1 орын	0,01
12	Спорт, би және ойын залдары	жалпы алаңы 1 м ²	0,008
13	Азық-түлік дүкендері	сауда алаңы 1 м ²	0,52
14	Өнеркәсіптік дүкендер, супермаркеттер	сауда алаңы 1 м ²	0,12
15	Базарлар	сауда алаңы 1 м ²	0,21
16	Азық-түлік тауарларының қоймалары	жалпы алаңы 1 м ²	0,13
17	Вокзалдар, автовокзалдар	жалпы алаңы 1 м ²	0,18
18	Дәріханалар	сауда алаңы 1 м ²	0,10
19	Автомобильді жуу орындары, автожанармай құю станциялары, гараждар	1 машина-орын	1,21
20	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	1,69
21	Шаштараздар	1 жұмыс орны	1,21
22	Тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	жалпы алаңы 1 м ²	0,22

23	Аяқ киімді жөндеу шеберханалары	жалпы алаңы 1 м ²	0,22
24	Моншалар	жалпы алаңы 1 м ²	0,35
25	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	1,15

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК